

## Көшеге атау беру туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Жаңабазар ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 46 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 мамырда № 5076 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 10 қазандағы қорытындысы негізінде Жаңабазар ауыл округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңабазар ауыл округінің Жеңіс елді мекеніндегі нөмірленген №1 көшесіне Ұлытау атауы берілсін.

2. "Жаңабазар ауыл округі әкімі аппараты " мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округі әкімі*

*А.Ақжолов*